

**Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы»
мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны**

Педагигикалық кеңес
отырысында талқыланып,
қабылданды
№ 1 хаттама
«14» енгіз 2017ж.

«БЕКІТЕМІН»

«Оқушылар сарайы» МҚҚК
директоры С.Ж. Алманбетова
С.Ж. Алманбетова



**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Орал қаласы

Жалпы ережелер

1. Осы ереже КР БжФМ 2007 жылдың 29 қарашасындағы №583 «Оку әдістемелік жұмысын жүзеге асыруын ұйымдастыру ережесі» және «Әдістемелік кенес қызметінің және оны сайлау типтік тәртібі» КР БжФМ 2007 жылдың 21 желтоқсанындағы №644 бүйрығымен бекітілген құжаттар негізінде дайындалған.
2. Әдістемелік кенес-оку үрдісін әдістемелік қамтамасыз ететін, педагогикалық іс-әрекетке шығармашылықпен келетін сарайшілік педагогикалық алқалық ұйым.
3. Әдістемелік кенес қосымша білім берудің тәжірибелі кәсіби педагогтарының консилиумы, оку-тәрбие үрдісінің маңызды бөліктеріне құзырлы әдістемелік ықпал етеді, онын дамуына талдау жасайды, осы негізде оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауды.
4. 2007 жылдың 27 маусымындағы КР «Білім туралы» Заңымен, ұйымның жарғысымен және осы ережемен әдістемелік кенес өз қызметінде басшылыққа алады.

Кеңестің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты – қосымша білім беру ұйымының әдістемелік жұмысының сапасын арттыруды қамтамасыз ету, педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін көтеру.

- Әдістемелік жұмыстың стратегиялық жоспарлануын іске асыру;
- қосымша білім беру педагогтарының кәсіби дайындығын: ғылыми-теориялық, әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының дағдыларын, педагогикалық шеберлік әдістерін жетілдіруге ықпал жасау;
- жана педагогикалық технологияларды қолдану арқылы үйірме жұмыстарының сапасын арттыру;
- қосымша білім беру педагогтарына әдістемелік көмек көрсету;
- педагогикалық тәжірибелі енгізу, алмасу, тарату, байқау, семинар, тренингтер, т.б. өткізу;
- педагогтердің білім жетілдіруін қамтамасыз ету;
- білім үрдісінің әдістемелік базасын нығайту және дамыту.

Нәтиже:

- Жаңашыл әдіс-тәсілдерді игере отырып, педтехнологияларды менгеру, колдану;
- Педагогтардің кәсіби өзін өзі дамуын үәждеу;
- Кәсіби құзырлықты қалыптастыру, педагогтердің кәсібіне деген мактандышын арттыру.

Ұйымдастыру қызметі

- Кенес құрамына бөлімше құрылымдарының жетекшілері, әдіскерлер, тәжірибелі ұстаздар енеді. Кеңестің құрамы окушылар сарайы басшысының бүйрығымен бекітіледі.
- Әдістемелік кеңестің қызметін кенес төрағасы - директордың оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жетекшілік етеді.
- Әдістемелік кенес төрағасы кенес қызметін ұйымдастырады, шешімдердің орындалу мерзімін қадағалайды.
- Кенес өз құрамы ішінен іс қағаздарын жүргізуге хатшыны сайлады.
- Барлық әдістемелік кенес мүшелері қоғамдық бастама негізінде жұмыстанады.
- Әдістемелік кенес өз қызметінде педагогикалық кенеске бағынады, қабылданған шешімдерге жауапкершілікті артады.
- Әдістемелік кеңестің ұсыныстары мен шешімдері әкімшіліктің қаулы, бұйрықтары үшін негіз болып табылады.
- Әдістемелік кенес төрағасы жылына бір рет әкімшілік пен педагогикалық кенеске үнемі қызметінің нәтижесі, жұмыс барысы туралы акпар беріп отырады.
- Кенес отырысы екі айда бір рет өткізіледі.
- Әдістемелік кенес отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді.
- Осы ереже окушылар сарайының жарғысына сай құрылған және қызмет барысында өзгерістер енгізіліп, толықтырылып отырылады.